

- қазақ тіліне тән **ә, ы, і, ұ, ү, ө, қ, з, ң** секілді төл әріптерді де сирек қолдану жиілеп барады: «сәлем», «калайсың?», «озин?», «не жаналық?», «нестеп жатсын?», «жаксы», «кайдасын?» т.б.

- қарым-қатынас тілінде сөз тіркестерін жөн-жосықсыз қысқартып қолдану: «не істеп жатсың?», «не істеп?», «не жасап жатсын?», «не истеватсын?», «не иств?», «слм» – сәлем, «нест?», «не істеп жатрсың?», «не хаб» – не хабарың бар?, «откан сол» немесе «отрм озн» т.б.

- орыс тілі сөздерімен тіркестіріп, яғни **гибрид тіркес** жасау арқылы тіл шұбарлау: «батан зой» (оқымысты адам), «тормозы ұстау», «забисать ету» (бөгеліп қалу), «базар жоқ» (таңғалғанда айтылатын сөз, келіскенді білдіру), «құлаққа лапша ілу», «құлақтан тебу» (өтірік айту), «маяк тастау», «крышасы бар адам» (қолдау көрсететін адамы бар), «көзбен ату» (қадала қарау), «потеря болу» (қобалжу), «суцияк ішу» (сусын ішу), «қораға кірт» (тығырыққа тірелу), «лақтырып кетті», «отырғызып кетті», «қоянның суретін салып кетті» (алдап кетті), «лайк басып тұр», «онлайн эфирге шық», «игнорға тығып таста», «блокка түсіп қалмасын», «видеозвонок жаса», «қанша подписчигі бар?», «поделиться етши», «репост жаса скриндап жібер» және т.б.

Сөзімізді қысқаша түйіндегенде, әлеуметтік желіні қолданушының көбі грамматикалық категе бейім екені белгілі. Біздің пікірімізше, оның алдын алу жолдары бар. Адам сауатты жазуды мектеп қабырғасынан үйренеді емес пе? Демек, мектеп бағдарламасындағы бейіндік пәндерге көбірек зейін салып, балаға сауатты жазу дағдысын қалыптастыруға ерекше ден қою қажет. Ештеңе білмей, ой түймей шыққан баланың сауатты жазуы екіталай. Жаңартылған білім беру бағдарламасы дендеп енгелі оқулықтардың қалыңдығы сияқты балалардың грамматикалық барлық ережені біліп, санаға түйюі де жұқарып бара жатыр. Оған қоса, жаһандану салдарынан мектеп оқушылары ұялы телефонға да тәуелді. Бірақ оның да ұтымды тұстарын қарастыруға болады. Мысалы, қарапайым жарнама, жазбаларды қазақ тілінде жүргізу. Халықтың алдында жүрген танымал адамдардың жазбаларын сүзгіден өткізу қазіргі қоғам үшін маңызды. Ол белгілі бір шектеу қою арқылы жүзеге асады. Себебі қарапайым халық сол «танымал» адамдардың күнделікті тұрмыс-тіршілігімен таныса отырып, солардың «тіліне» бейімделеді. Солар секілді сөйлемдерді қысқартуы, қазақша шала сөйлеуі «трендке» айналады. Мұндай жағымсыз жайттың алдын алуға болады. Ғаламтор желісіне тіл жанашырларының тек сапалы контентін салу, оны жарнамалай білу, халыққа жеткізу маңызды. Қырғыздың әлемге әйгілі жазушысы Шыңғыс Айтматов: «Тілі мәңгі жасаған халықтың өзі де өлмейді», – деген екен. Егер біз Қазақ елінің «Мәңгілік ел» болуын қаласақ, ана тіліміздің мәңгілік жасауына бар мүмкіндігімізді пайдаланып, өз үлесімізді қосуға тиіспіз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазіргі қазақ тіліндегі негізгі грамматикалық ұғымдар. – Павлодар: С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, 2010. – 180 б.
2. Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. – Астана, 2002. – 784 б.

Абдрахманов Рүстем Хасенұлы

«Bolashaq» Академиясы

Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының доценті, п.ғ.м.,

Қарағанды қаласы, Қазақстан Республикасы

a.rustem1971@gmail.com

АНТОНИМ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫЛУ СИПАТЫ

Мақалада мән-мағынасы жағынан бір-біріне қарама-қарсы қолданылатын тұрақты тіркестер - антоним фразеологизмдер жайында сөз қозғалады. Қазақ тіліндегі қарсы мәндес мағынадағы тіркестердің жасалу жолдарының түрлерін атап өтіп, тұрақты тіркестердегі

қарама-қарсылықты анықтаудың негізгі критерийлерінің бірі контекст болып табылатындығына тоқталады. Антоним фразеологизмдерді контекст ауқымында қарастыру, олардың стилистикалық қасиетін анықтауға, фразеологиялық бірліктердің арасында болуы мүмкін антонимдік өзара қатынастардың формаларын ажыратуға негіз болатындығы атап өтеді.

Тірек сөздер: антонимия, қарама-қарсылық, контекст, фразеологиялық антонимдер, антонимдік жұп, фразеология, мән.

Өмірде болатын түрлі қарама-қайшылықтар адамдардың логикалық- танымдық және психологиялық ерекшеліктеріне әсер етеді. Бұдан қарама- қарсылықтар пайда болады. Антонимия анық түрде ақиқаттың көріністерін түсіну процестерін көрсетеді. Қарама-қарсылық концептіге қатысты ойлау тереңдігін, басқа құбылыс, әрекеттерге қатынасын, оны бір-біріне қарама-қарсы қою арқылы түсінудің ерекшелігін көрсетеді. Ал олардың тілдегі көрінісі тілдік бірліктердің антонимиялық құбылысын туғызады.

Тіл білімінде кейінгі кезде басқа да ғылым салаларында, әсіресе, логика, философия, психологиямен байланысты қарастырылған кешенді зерттеулер бойынша антонимдерді топтастыру мәселелері басқаша бағыт алды.

Антонимдік қатынастар көркем шығарма тілінде қарама-қарсылық мағыналы жүк көтеріп, үлкен стилистикалық қызмет атқарады. Кез келген көркем туынды - қандай да бір тілдік құралдар арқылы жүзеге асып, оқырман сезіміне әсер ететіні белгілі жағдай. Тіл ғылымында соңғы кездері аса бір қызығушылық тудырып жүрген мәселелердің бірі-контекстік сөздер мен сөз тіркестерінің мәтін ішінде ұтымды, қисынды жұмсау жайы. Сол мағына қарама- қарсылығына негізделген контекстік, яғни жеке қолданыстағы антонимдердің өзін тілші-ғалымдар әр түрлі атап жүр: стилистикалық антонимдер (Ж. Мусин), сөйлесімдік (Р.Есболатова) және контекстуалды/ стилистикалық (А. Жұмабекова) антонимдер. Белгілі зерттеуші-ғалым А. Жұмабекова: «Қазақ тіл білімінде антонимияны зерттеудегі аз қарастырылған аспектілердің бірі - контекстуалды антонимдер болып табылады. Антоним болмайтын сөздер мәтінде қарама-қарсы қойылып, олар стилистикалық антонимдер деп аталады», - дейді [1,24].

Қазақ тілі сөздік қорының аса маңызды бөлшегінің бірі - фразалар мен идиомалар. Ол екеуін қосып фразеологизмдер деп те атаймыз. Олардың әрқайсысы жеке сөздерден құралып күрделенген номинатив орайында жұмсалады да, толық мағыналы сөздердің мазмұнына ортақтасып, экспрессивті, эмоциялы бояуларымен сөйлеу тілінде де, әдеби тілде де жиі қолданылады. Олар халық тіліндегі айшықты ойды білдіретін мәнерлік, көріктік қасиеттерге бай бөлшегі.

Фразеологизмдер тіл байлығынан ерекше орын алатындықтан, қазақ тіл білімінде олардың мән-жайын айқындау проблемалары да аса қажетті, өмірлік мәселелерге айналды. Бұл салада академик І.К.Кеңесбаевтың зерттеулері әсіресе «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» (1977) тіл білімінің зор табысы деп бағаланды. Сол сөздікте фразалардың түр-түрін толық қамту мақсатымен бірқатарының түрлі вариантта жұмсалуды да қамтылған. Мысалы: мақсатқа (мақсұтқа) жетті; разы (риза, ырза...) болды; апалаң (опалаң) - топалаң; қараңды батыр (өшір); мерейі соқты (тартты, шапты); мезірет жасады (қылды) [2].

Фразеологизмдер мән-мағынасы жағынан бір-біріне синоним болып жұмсалудымен қатар мән-мағынасы жағынан бір-біріне қарама-қарсы болып та қолданылады. Тіліміздегі мағыналары қарама-қарсы мәнде жұмсалатын тұрақты тіркестер фразеологиялық антонимдер деп аталады. Қазақ тіліндегі фразеологиялық антонимдерді екіге бөліп қарастырған Ә.Болғанбайұлы мен Ғ.Қалиевтің ұстанымына сүйене отырып эмоциялық реңкті фразеологиялық антонимдерді де екіге бөлуге болады деп ойлаймыз[3]. Бірінші түрі эмоциялық реңкті фразеологизмдердің өз ішіндегі компоненттерін басқа сөздермен алмастыру арқылы жасалады. Мысалы, бетінен оты шықты (қызарды, қысылды, ұялды) - беті бүлк етпеді (ұялмады, бедірейіп тұрды, арысздығын көрсетті), үміт етті (күдерін үзбеді, дәме қылды) - үмітін үзді (күдерін үзді, болады-ау деген ойынан шықпады) т.б.

Екінші түрі құрылым-құрылысы жағынан мүлдем бөлек эмоциялық реңкті фразеологиялық антонимдер. Мысалы, соры сорпадай қайнады (бақытсыздық тап болды, қасіретке ұшырады) - көзі ашылды (сордан арылды, жолы ашылды, қолайлы жағдай туды), сабыр етті (шыдам, төзім білдірді, асығыстық жасамады) - дегбірі қалмады (шыдамсызданды, асып-састы) т.б. Қазақ тілі тек эмоционалды реңкті ғана емес, бұдан басқа да қарама-қарсы мәнді фразеологизмдерге өте бай. Бұл тілдегі сан алуан стильдік қолданыстармен тығыз байланысты. Лексема көлемінде қарастырылатын антонимия құбылысын фразеологизмдердің ауқымында қарастыру жан-жақты зерттеуді, ерекшеліктерін ашуды қажет ететін тың мәселе.

Антоним фразеологизмдер – мән-мағынасы жағынан бір-біріне қарама- қарсы қолданылатын тұрақты тіркестер.

Қазақ тіліндегі қарсы мәндес мағынадағы тіркестердің жасалу жолдарының төмендегідей үш түрін ұсынамыз:

1. Тұрақты тіркестердің бір немесе екі компонентін тіркестен тыс жеке алғанда өзара қарсы мағыналы болу керек: жақсы атты көріну - жаман атты болу;

2. Қарама-қарсы мәнде жұп құрайтын фразалық тіркестерде мағынаға өзек боларлық бір сөз қайталанып келіп отырады: ант ішті - антын бұзды;

3. Тұрақты тіркестердің компоненттерін антонимдік мағына түгел қамтуы керек: ындыны кепкен - бейлі тоқ.

Антонимдік қатарлар негізгі қызметінде жұмсалудан қатар, өздеріне қосалқы міндет те жүктейді. Ол - жай нәрсенің астарына қосалқы міндет те жүктейді», - дейді ғалым Б.Шалабай [4].

Қазақ тіл білімінде антоним фразеологизмдерді зерттеудегі өзекті мәселелердің бірі - олардың контексте көрінуі. Сондықтан фразеологиялық бірліктердегі антонимияны контексте қолданылу аясына қарай анықтау маңызды деп танымыз. Контекст - тұрақты тіркестердегі қарама-қарсылықты анықтаудың негізгі критерийлерінің бірі болып табылады. Антоним фразеологизмдерді контекст ауқымында қарастыру, олардың стилистикалық қасиетін анықтауға, фразеологиялық бірліктердің арасында болуы мүмкін антонимдік өзара қатынастардың формаларын ажыратуға негіз бола алады. Фразеологизмдердің антонимдік қатынасын көркем шығарма тілінде айқын және нақтырақ болып келеді. Антонимдер туралы осыған дейін тілдік қағидалардың аясында грамматикалық құрылысы, тұлғалық белгілері, сөз табына қатыстылығы т.б. айтылып келеді. Соңғы зерттеулер антонимдердің тек тілдегі ерекшеліктерін сөз етпей, қарама-қарсылық ұғымының сөйленістегі семантикалық көрінісіне қарай талданады. Орыс филологиясындағы Н.С.Трубецкойдың оппозиция әдісін антонимия құбылысына да зерттеу тәсілі етіп алған. Соның нәтижесінде оппозиция әдісі бойынша қазақ тіліндегі антонимдердің *басқышты* немесе *сатылы* (градуалды) *оппозицияларының* түріне: *үлкен орташа кіші, кеше - бүгін - ертең* т.б. мысалдарды жатқызады (А.Жұмабекова. Қазақ тіліндегі антонимдер сөздігі).

Ал *қос мүшелі оппозицияларының* түрі деп /привативті/: *жанды - жансыз, бар - жоқ, оң - теріс, жүйелі - жүйесіз* т.б. мысалдар кел- тіріледі. *Күшті - күшсіз, сауатты - сауатсыз* сияқты мысалдарды антоним деуге болмайды. Себебі бұл ұғымдар оппозициялы болғанымен, ұғымға қатысты күші аз, шала сауаты бар деген сөздер арасына қосылады.

Анатомиялық оппозициялардың тағы түрі *эквивалентті антонимдер*. Бұлардың алдыңғы екеуінен басты айырмашылығы қоршаған ортадағы түрлі құбылыстардың, іс-әрекеттердің қарама-қарсылығына негізделген қарым- қатынастың көрінісі: *кіру - шығу, қашу - қуу, кіріс - шығыс, күн - түн, әке - шеше, жығу - жығылу* т.б. Мұндай антонимдер адамдардың өзгермейтін қарама- қарсылықтар жағдайында дағдылы өмір сүруінің тілдегі қалыптасқан қарсы мәнді сөздермен білдіреді.

Антоним сөздер мен фразеологизмдер арасында жалпы семантикалық және стильдік байланыс бар. Алайда лексикалық антонимдерге қарағанда фразеологиялық бірліктердің өзіндік ерекшеліктерінен туындайтын өзгешеліктер кездеседі.

Антоним сөздер фразеологизм компоненттерінің бірін құрайды. Сондай-ақ, сөз де, фразеологизм де тұрақты тіркестің құрылымы мен құрамының тұрақтылығын сақтап тұрады.

Фразеологиялық антонимдерге қарағанда лексикалық бірліктер антонимдерге бай келеді. Олардың лексика-грамматикалық сипаты қазақ тіл білімінде жақсы зерттелген. Антонимдік қатарды құрайтындар алдымен сын есімдер, содан соң үстеулер, ал етістік, зат есімдер кейінгі орында.

Лексикалық антонимдерден фразеологиялық антонимдердің айырмашылықтары бар. Лексикалық антонимдер кейде сөздердің көп мағыналылығынан басқа да антоним жұп құрауы мүмкін. Қарсы мәнді фразеологизмдерде тұрақты тіркес ретінде мұндай құбылыс байқалмайды. Бір фразеологиялық мағынадағы бейнелілік басқа қарсы мәндегі фразеологиялық бейнелілікпен антоним құра алмайды.

Антоним сөздер фразеологизм құрамында қарсы мағыналық негізде айтылса, онда фразеологиялық антонимдер **бір құрылымды** болып келеді.

Мысалы:

Ыстық қанды - суық қанды, дүниеге келу - дүниеден кету, қолы ұзару - қолы қысқару, аты шықты — аты өшті, ашық мінез — тұйық мінез, әлі кірді — әлі кетті, бақ қонды — бағы тайды, беделі артты — беделі түсті, маңдайының бес елі бағы бар - маңдайының бес елі сору бар - бір құрылымды антонимдер.

Ал антоним фразеологизмдер лексикалық құрылымы мен синтаксистік құрылысы жағынан ерекшеленіп тұрса, онда олар **эр құрылымды**.

Мысалы:

Ауылы аралас, қойы қоралас болу - ит пен мысықтай болу; Ит арқасы қиянда - таяқ тастам жерде; Әмпей-жәмпей болу - жүз жыртысу; Ит жеместі жесісу - ауыз жаласу

Фразеологиялық антонимдер көбінесе етістікті фразеологизмдер құрамында кездеседі.

Етістіктердің қарама-қарсы мәнде кездесуінен мысалы, *жанды - сөнді, түсті - көтерілді, кеңіді - тарылды т.б.* сияқты сөздерден эквивалентті антонимдер жасалады.

Шырағы жану - Шырағы сөнуге

Еңсесі түсу - Еңсесі көтерілу

Пейілі кеңіу - Пейілі тарылу

Кейде қарама-қарсылық ұғымдарды әр түрлі фразеологиялық мағыналарды салыстыру арқылы байқауға болады. Мысалы, компоненттер жеке тұрып қарма-қарсы мәнде айтылмай-ақ, /басына ақ күн туу - қара күн туу дегендегі ақ - қара сияқты/ қарсы мәндегі ұғымды беретін тіркестер бар.

Мысалы:

Үлде мен бүлдеге орану - үрерге иті жоқ, сығарға биті жоқ; Аспан айналып жерге түскендей - сақылдаған сары аяз.

Қарсы мәнді фразеологизмдердің ерекшеліктеріне сәйкес оларды қарама- қарсылықты жуықтап көрсететін фразеологизмдер деп топтастырған жөн. Олар негізінен үнемі бір-біріне қарама-қарсы мағынада жұмсалмағандықтан пайда болады. Қарама-қарсылықтың бірде дәл, бірде жуықтап берілуі - оның берілу тәсілінде. Осыған байланысты қарама-қарсы фразеологизм жасаудың мынадай жолдарын көрсетеміз:

1) компоненттердің біреуі қарама-қарсы ұғымда айтылуы негізінде жасалады;

2) компоненттердің мағыналық жиынтығынан туындайтын қарама- қарсылық негізінде жасалады. Байқалатын ерекшеліктің бірі антонимдік құбылыс фразеологиялық тізбектерде жиі кездеседі, сонымен қатар қарама- қарсылық салмағы тең әрі дәл, ал бұл құбылыс фразеологиялық бірлік пен фразеологиялық тұтастықтарға тән, бірақ мағына тұтастығы берік болған сайын, антонимдік жұптың дәлдігі солғындайды.

Қорыта айтқанда қазақ тіліндегі фразеологизмдердің антонимдік ерекшеліктері контексте айқын көрінеді. Антоним фразеологизмдердің қолданылу сипатын кең және тар көлемдегі контекст ауқымынан айқындай аламыз. Көркем шығарма тілінде фразеологиялық антонимдердің жиі кездесуі, алдымен жазушы тілінің шеберлігін білдірсе, кейде кейіпкердің

түрлі мінез- құлқын, қасиеттерін, дүниедегі түрлі құбылыстарды қарама-қарсы қоя отырып салыстыруда таптырмайтын көркемдік әдіс болып табылады. Контексте берілу ыңғайына қарай, антоним фразеологизмдер бір сөйлем ішінде кездесуі сияқты т.б. формаларда қолданылады. Сондай-ақ, жеке тұрғанда антонимдік жұп құрмайтын фразеологизмдердің контексте антоним ретінде жұмсалуды да кездеседі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Жумабекова А.К. Оппозитивный анализ антонимических единиц казахского и русского языка: филог. ғыл.док. диссертациялық жұмысы. – Алматы, 1995. – 161 б
2. Кеңесбаев І. Фразеологиялық сөздік. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2007. – 800 б
3. Қалиев Ғ., Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілі лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2006. – 264 б.
4. Шалабаев Б. Көркем проза тілі. – Алматы, 1994. – 320 б.
5. Қожахметова Х. Фразеологизмдердің көркем әдебиетте қолданылуы. – Алматы: «Мектеп» баспасы, 1972. – 111 б.
6. Мусин Ж. Қазақ тілінің антонимдер сөздігі. – Алматы: Мектеп, 1984. – 176 б.

Абдуова Айгуль Бегимбаевна

Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі

«№1 арнайы мектеп-интернат» Қарағанды қ.

aigul1472@mail.ru

КӨРУ ҚАБІЛЕТІНІҢ БҰЗЫЛЫСЫ БАР БАЛАЛАРҒА БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Білім алу процессіне визуалды функциялардың жағдайы қатты әсер етеді, осыған сәйкес көру қабілеті мынадай деңгейлерге бөлінеді: тотальді соқырлық, орташа көру бұзылысы бар балалар және көру қабілетінің жеңіл бұзылысы бар балалар.

Бұл балалар мектепке барған кезде психофизикалық дамудың әртүрлі деңгейімен және оқу үшін қажетті компенсаторлық процестердің даму деңгейімен ерекшеленеді. Соқырлық білім алушылардың физикалық дамуын едәуір қиындатады, бұл: әртүрлі қозғалыстарды игерудің қарқынының баяулатады, қозғалыстардың үйлесу бұзылуын әкеледі, жалпы және ұсақ моториканың даму деңгейінің төмендеуіне және кеңістіктегі қозғалыстың қиындықтарына әкеледі. Сонымен қатар көру қабілетінің бұзылыстары бар балаларда қарым-қатынастың тілдік және тілдік емес құралдарын меңгеруде, яғни, коммуникативті қызметті жүзеге асырудағы қиындықтар жиі кездеседі [1, 15].

Көру кемшілігі неғұрлым ерте пайда болған сайын, психика қалыптасуындағы бұзылыстар соғұрлым көбірек көрінеді. Көрудің төмендеуі бірінші кезекте қабылдау процесіне әсерін тигізеді. Нашар көретін балалардың қабылдауы тежелумен, бейненің тарлығымен, нақтылықтың төмендеуімен ерекшеленеді. Қалыпты көретін балаға қарағанда олардың көру арқылы елестетуі анық емес. Сол себепті нашар көретін балаларға кеңістікте бағдарлану қиынға соғады. Мұндай балалар көру арқылы жұмыс істегенде тез жалығады, ал бұл өз кезегінде көрудің одан әрі нашарлауына алып келеді

Көру қабілетінің бұзылысы бар балаларда сөйлеу дамуының өзіндік ерекшелігі байқалады, сөйлеудің заттық-пәндік мазмұнмен әлсіз байланысы көрінеді, жалпы танымдық белсенділіктің төмендеуі байқалады. Сонымен қатар, нашар көретін балаларда орындалатын іс-әрекеттердің сапасына, дағдыларды автоматтандыруға, орындалатын іс-әрекеттерге визуалды бақылауды жүзеге асыруға байланысты қиындықтар байқалады.

Көру қабілеті бұзылғандардың елестетуі тұрақсыздықпен, анық еместілікпен ерекшеленеді. Нашар көрушілік баланың психикалық және физикалық дамуына әсер етеді: белгілі бір деңгейде есте сақтау процесі тежелген, ойлау операциялары қиындатылған.